

### Литература

- 1 Крушвиц Л. Финансирование и инвестиции. - Санкт-Петербург 2000 год
- 2 Колтынюк Б.А. Инвестиционные проекты. - Санкт-Петербург 2000 год
- 3 Бочаров В.В. Методы финансирования инвестиционной деятельности предприятий. - М: Финансы и статистика, 1998, с. 355
- 4 Шарп. Инвестиции.

\*\*\*

Бұл мақалада кәсіпорындағы инвестицияларды басқару тәсілдері қарастырылған.

\*\*\*

In this article considered stages of formation of an investment portfolio of the enterprises

*А.О. Базарбаев*

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен нарықтық қоғамдық қатынастарға тең болатын халықты әлеуметтік қорғаудың өзіндік жүйесі қалыптасуда. Өз өмірінің жағдайын қалыптастыруға деген әрбір адамның жауапкершілік деңгейінің артуы еліміздегі нарықтық экономиканың ерекшелігі болып табылады. Қоғамдағы әрбір адамның өзінің өміріне қауіп төндіретін және ол ондай жағдайды жалғыз өзі түзете алмайтын жағдайлар да болатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты әлеуметтік сақтандыру нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қатерден әлеуметтік қорғау нысандарын айқындайды.

Әлемдік практика нарық жағдайында жұмыс істейтін азаматтардың мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету мәселелерінде шешуші және өзекті рөлді міндетті әлеуметтік сақтандыру арқылы атқаратынын барынша дәлелдеп көрсетіп отыр. Осы орайда Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік саясатының басымды мақсаты ретінде көрініс тауып отыр.

Қазіргі уақытта әлеуметтік сақтандыру жүйесі Қазақстан Республикасының маңызды және қажетті элементтеріне айналды. Республиканың міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізін анықтайтын заңнамалық база құрылған және жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесі деп әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекетпен бекітілген және кепіл берілетін нормалар мен ережелер жиынтығын білдіреді. Қазақстан Республикасындағы халықты әлеуметтік қорғаудың бүгінгі жүйесі әлеуметтік кепілдіктер беру, әлеуметтік жеңілдіктер енгізу, әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік сақтандыру тәрізді негізгі бағыттар бойынша даму үстінде.

Әлеуметтік сақтандыру сақтандырудың басқа түрлерінен адамды еңбекке жарамсыздығына байланысты материалдық қамсыздандырылмауынан қорғауды жүзеге асыруымен ерекшеленеді. Сондықтан әлеуметтік сақтандыру көбінесе өз еңбегінің арқасында өмір сүретін халық тобын қамтиды.

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Алда тұрған онжылдықтың аса маңызды міндеті – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды нығайту. Ел халқы санының 2020 жылы 10%-ға өсуі үшін мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасайтын болады. Біздің мемлекеттік әлеуметтік саясатымыздағы басты басымдық халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан мен 2020 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 5%-дан, ал табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8%-дан аспайтын болсын деген міндет қоямын. Әлеуметтік қызметтер тек мұқтаж адам-

дарға көрсетіліп, қазіргі заманғы стандарттар мен Қазақстандағы өмір деңгейіне сәйкес болуы керек. 2015 жылға қарай базалық зейнетақы төлемдері ең төменгі күнкөріс деңгейі көлемінің 60%-ы деңгейіне дейін өсіріліп, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 2010 жылмен салыстырғанда 1,2 есе арттырылуы тиіс. Біз өз іс-әрекетімізде дәйектілікті ұстанамыз. Өткен жылы зейнетақылар, шәкіртақылар, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақылары 25%-ға өсірілді. Әлеуметтік жәрдемақылар орта есеппен 9%-ға артты.

Республикалық бюджетте үстіміздегі жылы да зейнетақыларды 1 қаңтардан бастап, ал шәкіртақылар мен бюджеттегілер еңбекақыларын 1 шілдеден бастап жиырма бес пайызға өсіру қарастырылған. Өткен жылғы экономика өсімінің оң серпінін шәкіртақылар мен бюджеттегілердің еңбекақыларын үш ай бұрын – 2010 жылдың сәуірінен бастап өсіруге мүмкіндік береді деп есептеймін. Үкіметке осы үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырамын» - деп атап өтті. Осы орайда Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік саясатының басымды мақсаты ретінде көрініс тауып отыр.

Әдетте әлеуметтік қатерлердің мынадай белгілері болады. Біріншіден, экономикалық, оған: – экономикалық дағдарыс, қайта құрылу өндірісті оңтайландыру, экономикалық қайта құрылу нәтижесінде жұмыс күшін ұсыну мен сұраныстың сәйкес келмеуі себебінен еңбек ету қабілетінен айрылу қауіпі; – жұмыс берушілердің қолайлы еңбек жағдайын жасап қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге қаражат жұмсауға ынтасыздығының салдарынан кәсіптік ауру, өндірістік жарақат алуға байланысты еңбек ету қабілетінен айрылу. Мұндай жағдайларда қатердің себебі қызметкердің өзіне байланысты болмайды.

Екіншіден, кейбір қатерлер уақытша еңбек ету қабілетінен айрылу және зейнеттік жасқа жетуіне байланысты жағдайлардың туындауына да тікелей байланысты.

Материалдық қамтамасыз етілмеу қатерін кәсіптік ауру, өндірістік жарақат алу мүмкіндігінің туындауы деп те қарастыруға болады. Мұндай қатерлер жалпы сипат алады. Бірақ оның ерекшелігі бұл қатердің сақтандырылған барлық халыққа бір мезгілде туындамайтындығы. Сонымен қатар әлеуметтік – экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты барлық халыққа бір мезгілде туындайтын қатерлер де бар, мысалы: инфляция, дефолт және т.б. Мұндай қатерлер әлеуметтік сақтандырылуға жатпайды. Халықты әлеуметтік қорғауда сақтандырудың қажетті және маңызды жүйесін құру сақтандырылғандарды материалдық қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру төлемдерінің нақты қызметін анықтау болып табылады. Өз кезегінде бұл олардың көлемін, нысанын және сақтандыру төлемдерін төлеудің тәртібін белгілеудің әдістемелік негізін құрайды. Халықты әлеуметтік қорғауда сақтандыру жүйесінің маңызды шартының бірі сақтандырылушыларды материалдық қамтамасыз етуде сақтандыру төлемдерінің нақты функциясын анықтау.

Қазақстанда әлеуметтік қорғаудың үш деңгейлі жүйесі қалыптасқан:

Бірінші деңгей – Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген әлеуметтік төлемдер, яғни қоғамның дамуына азаматтың қосқан жеке үлесін есепке алмай бірдей деңгейде барлық азаматтарға беретін төлемдер (базалық зейнетақы төлемі, мемлекеттік жәрдемақы, бала тууына/бала күтіміне берілетін бір реттік төлемдер);

Екінші деңгей – міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері мен “Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры” АҚ төленетін әлеуметтік төлемдер, яғни азаматтардың қоғамның дамуына қосқан жеке үлестерін ескере отырып қосымша әлеуметтік қамсыздандыру.

Үшінші деңгей – ерікті сақтандыру есебінен әлеуметтік төлемдер. Бүгінгі күні әлеуметтік сақтандыру жүйесі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың маңызды және қажетті элементтерінің бірі болып отырғанын атап өткен жөн. Республикадағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізін айқындайтын заңнамалық база жасалған. Сақтандырудың басқа түрлерінен (мүлікті, көлікті және т.б. сақтандыру) оның принципті айырмашылығы, ол еңбек қызметіне араласа алмауы себепті материалдық қамтамасыз етілмеуден азаматтарды қорғауды қамтамасыз етеді. Сондықтан, әлеуметтік сақтандырумен ең бірінші өмір сүрудің негізгі көзі еңбек ақысы немесе табысы болып табылатын өз еңбегі арқасында өмір сүріп жүрген жалдамалы жұмысшылар қамтылған.

Осылайша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі деп мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен ережелер жиынтығын айтамыз.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі қағидалары келесідей:

1) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың және орындаудың жалпылығы;

2) әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету үшін қолданылатын мемлекет кепілдік берген шаралар;

3) әлеуметтік сақтандыру жүйесіне міндетті қатысу;

4) әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлемдер төлеу үшін әлеуметтік аударымдарды пайдалану;

5) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлем төлеу міндеттілігі;

6) міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар қызметінің жариялылығы.

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жүйеге қатысушыларды, яғни республикадағы жұмыспен қамтылған халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі болып табылады. 2005 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлем төлеу жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылған “Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры” акционерлік қоғамының қаржы ресурстары есебінен жүргізілуде. Бұл ретте қор қаржылық ресурстары “Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы” Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген мынадай ставкалар бойынша төлеушілер төлейтін, Қорға аударылған әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру және әлеуметтік салықты қайта бөлу жолымен қалыптастырылады:

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап –әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен 1,5%;

2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен 2%;

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен 3%;

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен 4%;

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен 5 %;

Әлеуметтік аударымдар жүргізілген және әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлемдер алуға құқы бар заңды тұлғалар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар болып табылады. Әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс берушілер немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар (өзін өзі жұмыспен қамтыған оларға табыс әкелетін жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат) әлеуметтік аударымдарды төлеушілер болып табылады. Қор негізгі қызметін өз міндеттері бойынша өз активтерімен жауап беретін сақтандыру ұйымдары сияқты сақтандыру принциптері арқылы жүзеге асырады. Қор мемлекеттің бюджет жүйесіне кірмейді және бюджеттен тыс ұйым ретінде құрылған. Қор қызметінің айқындаушы сәті коммерциялық емес, әлеуметтік мақсат болып табылады: міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік қатер туған жағдайда әлеуметтік төлем төлеуді жүргізу.

Әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға қор әлеуметтік төлем алуға құқық мынадай жағдайларда туындайды:

1) еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда уәкілетті орган медициналық– сараптама қорытындысы негізінде еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеген күннен бастап;

2) асыраушысынан айрылған жағдайда– қайтыс болуы туралы куәлікте, немесе сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған шешімде көрсетілген күннен бастап;

3) жұмысынан айрылған жағдайда – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелген күнінен бастап;

4) жүктілігі және бала тууы жағдайына табысын жоғалтқан жағдайда еңбекке қабілетсіздігі туралы парақта көрсетілген жүктілігі және босануы жөніндегі демалыстың басталған күнінен бастап;

5) жаңа туған баланы асырап алуына байланысты табысын жоғалтқан жағдайда – еңбекке қабілетсіздігі туралы парақта көрсетілген жаңа туған баланы асырап алған қызметкердің демалысы басталған күннен бастап;

6) бір жасқа толғанға дейінгі нәресте күтімі үшін табысын жоғалтқан жағдайда – баланың тууы туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап.

Екі не одан да көп бала туған жағдайда бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі үшін әлеуметтік төлем әр балаға жеке тағайындалады. Бұл ретте бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі үшін төленетін әлеуметтік төлемнің ең төменгі мөлшері республикалық бюджеттен төленетін мемлекеттік жәрдемақы (баланың туу кезегіне байланысты) мөлшерінен кем емес мөлшерде белгіленген. Ал ең жоғарғы мөлшер сол жылға республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген 10 еселенген ең кіші еңбек ақы мөлшерінің 40 пайызынан аспау керек.

Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер әлеуметтік тәуекелдің 5 түрі бойынша, атап айтқанда, еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы бойынша, асыраушысынан айырылуы бойынша, жұмысын жоғалтуы бойынша, жүктілігі және баланың тууы бойынша, баланы бір жасқа толғанға дейін бағып-күтуі бойынша тағайындалады. Әлеуметтік төлемдерді алушы – Қорға ол үшін міндетті әлеуметтік аударым жасаған жеке тұлға.

Түскен әлеуметтік аударымдардың есебі жеке тұлғаның әлеуметтік жеке кодының базасында кәсіби деңгейде жасалады. Қорға түскен әлеуметтік аударымдары бар тұлғалар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып саналады. Сондықтан оларға әлеуметтік қатер туындаған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда – оның асырауында болған оның отбасы мүшелеріне оларға Қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқық береді.

Әлеуметтік төлемдердің мөлшері міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және әлеуметтік аударымдар нысаны ретінде есепке алынған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысына байланысты болатындықтан, төлеушілердің (жұмыс берушілердің немесе өз бетінше еңбек ететін адамдардың) әлеуметтік төлемдерді өз мерзімінде және тұрақты төлеуі әлеуметтік аударымдардың мөлшеріне айтарлықтай ықпал етеді. Нақтылап айтқанда, жұмыс берушінің заңды қаншалықты сақтайтынына, түптеп келгенде, әлеуметтік тәуекел пайда болған кезде нақтылы адамға төленетін әлеуметтік төлемдерінің мөлшері тәуелді болады.

Қордың қызметін қарастыру нәтижесінде әлеуметтік сақтандыру барлық уақытта әлеуметтік қорғаудың әмбебап тетігі болып табылмайтынын көрсетті. Ол экономика жағдайына, еңбек нарығына, қоғамның демографиялық даму шарттарына т.б. факторларға байланысты болады. Мысалы, экономиканың құрылымдық қайта құрылуы, халықтың табысындағы дифференциацияның өсуі, ұзақ мерзімді демографиялық өзгерістер, халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуі – осы және басқа да бірқатар мәселелер әлеуметтік сақтандыру институттарының экономикалық, құқықтық және ұйымдастыру тетіктерін одан әрі жаңартуды қажет етуі мүмкін.

Осының бәрі әлеуметтік қорғау мемлекеттің монополиясы болуды тоқтатып және көпсубъектілі сипат ала бастағанын көрсетіп отыр. Оның субъектілері мемлекеттен басқа (Үкімет және жергілікті атқарушы органдар) жұмыс берушілер, қызметкерлердің өздері, қоғамдық ұйымдар, бюджеттен тыс мекемелер мен бірлестіктер, қайырымдылық қорлары, коммерциялық ұйымдар – демеушілер, жекелеген меценаттар.

Әлеуметтік қорғау – бұл мемлекеттің қамқорлығы деп ойлау, бүгінгі шындыққа жауап бермейді. Сонымен қатар ол тек қана жұмысшылар мен жұмыс берушілердің және мемлекеттің бірігіп күш салуының арқасында ғана тиімді болуы мүмкін. Қазақстандағы әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесінің негізгі мақсат-міндеттері экономикалық өсуді қолдаудың элементтері: әлеуметтік қатер туған жағдайда қосымша қорғауды ұсынады.

Бүгінгі күнгі әлеуметтік саясаттың стратегиялық мақсаты азаматтың, мемлекеттің және жеке бизнестің өз ара жауапкершілігі арқылы өмірдің алдыңғы қатарлы стандарттарына өту болып табылады. Қоғамның барлық мүшелерінің жеке жауапкершілігі мен ынтымақтастығына негізделген, мемлекет Басшысының алға қойған міндеттерін нақты жүзеге асыру

тек мемлекеттің ғана міндеті емес, сонымен бірге мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың бірігіп жүзеге асыруы арқылы ғана мүмкін болатынын түсіну қажет.

#### Әдебиеттер

1. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2010 жыл.
2. Қазақстан Республикасының “Міндетті әлеуметтік сақтандыру” туралы Заңы, 2003 ж.
3. Даутова А. “Потенциал роста” // Рынок страхования №2, 2007 ж.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының ресми сайты, [www.gfss.kz](http://www.gfss.kz)
5. Жуйриков К.К. “Страхование как специальное звено кредитно- финансовой системы”// Банки Казахстана №5, 2007 ж.
6. Омарова С. Әлеуметтік қолдау әлеуеті партияның көзі. // Егемен Қазақстан, 26.01.2008 жыл.
7. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Дала мен қала, 08.02.2008ж.

\*\*\*

В статье рассматривается вопросы функционирования системы социального страхования в Казахстане, социальная защита граждан посредством Государственного фонда социального страхования.

\*\*\*

The problems of social insurance system functioning in Kazakhstan and citizen social security with help of Government social insurance fund are considered in the article.

*Л.А. Нургазиева*

### **СОДЕРЖАНИЕ И МЕТОДОЛОГИЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ ВНУТРЕННЕЙ СОСТАВЛЯЮЩЕЙ ЭКОНОМИКИ АУДИТОРСКО-КОНСУЛЬТАЦИОННОГО БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

В контексте рассмотренных нами выше актуальных процессов и проблем функционирования отдельных объектов на рынке аудиторско-консультационных услуг Казахстана, сформировавшихся в том числе под влиянием финансового кризиса и характеризующих внешнюю составляющую экономики аудиторской деятельности и развитие в этой связи методологических основ, необходимым является также рассмотрение внутренней составляющей экономики аудиторского бизнеса компании, в не меньшей степени обеспечивающей фактор конкурентоспособности компании. В этой связи следует заметить, что грамотная постановка экономико-управленческого процесса внутреннего функционирования аудиторско-консультационной компании является необходимым, но недостаточным условием эффективности компании. После становления экономико-управленческой функции ключевым фактором дальнейшего успешного развития оказывается четкая организация процесса ведения аудиторского бизнеса, разработка или адаптация и соблюдение соответствующей методологии. По мнению экспертов и исследователей данного рода проблемы [1;2;3;4], в современном аудиторском бизнесе поддержанию конкурентоспособности в условиях актуального этапа развития национального рынка Республики Казахстан, в течение длительного времени будет способствовать достижение оптимального соотношения издержек и качества услуг, а также показатель маржи прибыли (отношения прибыли к продажам аудиторско-консультационных услуг). По мнению экспертов аудиторской компании Deloitte & Touche Regional Consulting Services Ltd [1, с.31], снижение издержек и достижение оптимального соотношения качества и доступности услуг в аудиторско-консультационном бизнесе РК сегодня возможно, но не благодаря абсолютному влиянию конкуренции или концентрации отрасли, а при наличии определенных, не только экономических, но и институциональных отношений в системе. Что касается показателя маржи, то он, по оценкам специалистов [1; 3]